$\lambda_{h\,ij}^{g\,0}$ үшін: *h>1;M/¥/D/1.* (3.18)

Бір ұяшыққа қызмет көрсету келесі формуламен анықталады:

$$m(T_{ож\;h\;ij}^{g}) = m(T_{обсл}^{g})/(1-\sigma_{p\;ij}^{g})(1-\sigma_{p-1\;ij}^{g}), \tag{3.19}$$

$$\sigma_{p}^{g} = \sum_{\eta=1}^{p} \rho_{\eta\;ij}^{g}, \tag{3.20}$$

$$\rho_{h\;ij}^{g} = \frac{\lambda_{h\,ij}^{g\,0}}{\mu_{ij}^{g}}, \tag{3.21}$$

$$g = \overline{1,Q}. \tag{3.22}$$

Тарату жылдамдығы μ_{ij}^{g} - ге кері пропорционал тарату жылдамдық 53 байт үшін былай анықталады:

$$\mu_{ij}^{g} = \frac{1}{53v_{ij}^{g}};\; g = \overline{1,Q}. \tag{3.23}$$

Енді математикалық күтуді анықтайық:

$$m(P_{nom\;ij}) = \frac{\left(\sum_{g=1}^{G} P_{nom\;ij}^{g}\right)}{Q}, \tag{3.24}$$

$$m(T_{ож\;\eta\;ij}) = \frac{\left(\sum_{g=1}^{G} m(T_{ож\;\eta\;ij}^{g})\right)}{Q};\; i,j = \overline{1,S}. \tag{3.25}$$

Есептеулер нәтижесінде салмақтық графы пайда болып, әрбір қабырғаның ізделген ықтималдылықтары анықталды. Есептеулерді қортындыласақ, үлестіруші матирцасы бойынша (*S*x*S*), логикалық маршруттау әдісінің іске асқанын көрсетуге болады.

Берілген хаттамада арнаның күйі деп интерфейстердің жазылуын айтады (мысалы, IP-адрес, маска, желі типі т с. с.) және оның көршілес маршрутизаторлармен қарым – қатынасы туралы мәліметтер. Осы айтылғандарды ескере келе арналардың жағдайы туралы мәліметтер орталығы құрылады.

Арналардың жағдайы туралы мәліметтер (Link-State Advertisement – LSA), көмегімен толтырылады. Хабарламаларды таратуда желі топологиясы мен маршрутизатордың жағдайы да ескеріледі.

Бұл хабарлар кішірек дестелер құрайды. LSA қосылған интерфейстер, метрикалар және де басқа параметрлер туралы ақпарат сақталынады.

Қабылданған хабарламалар негізінде LSA маршрутизаторы SPF алгоритмін қолданады да қысқа жолдар бұтағын (дерево) құрайды. Алгоритмнің мақсаты барлық мүмкін болатын жолдарды өшіріп, тек қысқа, тиімді жолды қалдыру. Қалған маршруттар маршруттау кестесіне жазылады. OSPF хаттамасы – ішкі маршруттау хаттамасына жатады, сондықтан бір автономды жүйенің ішінде жұмыс істейді. Оны бірнеше аймаққа бөлуге болады, бөлінген аймақтар автономды жүйенің логикалық бөлігі ретінде көрсетіледі.

Өзіндік жұмыс істеу принципі бар маршрутизаторлардың екі деңгейлі желілік иерархиясын қарастырайық.

3.26 суретте бір автономды жүйе көрсетілген. Суретте сыртқы желімен байланысатын бір шектік маршрутизаторы (марш. №0) көрсетілген.



3.26 сурет – Екіденгейлі желілік иерархия

Автономды аймақ мынандай зоналардан құралады (3.27 сурет):

– зона 0 – кейбір кезде магистральды аймақ деп те атайды, ол барлық аймақтарды байланыстыру үшін қажет. Берілген суретте маршрутизатор №1 бұл аймақта магистарльды аймақ болмақ;

– зона 1-3 – аймақтағы маршрутизатолар магистральды емес деп аталады. Себебі мұндағы маршрутизаторлар аймақтың топологиясын біліп, арналардың жағдайына сәйкес (өз аймағының) кесте құрады;

– зона 0 және зона 1-3 түйісуінде №2-4 погран маршрутизаторлары бар. Бұл маршрутизаторлар өздері қосылған барлық аймақтардың мәліметтер базасын құрады;

– маршрутизатор №0 ол да автономды жүйе үшін погран маршрутизатор болып есептеледі.

OSPF келесі функцияларды атқарады:

– көршілес маршрутизаторлармен жағдайды қалыптастырады;

– барлық маршрутизаторларда мәліметтер базасын құру үшін LSA –ны таратады;

– өте жақсы маршрутты барлық қолданушыларға жіберуде және есептеуде SPF таратады;

– маршруттау кестесін құрады.



3.27 сурет – Бірнеше зоналы автономды жүйе

Атап айтқанда, OSPF хаттамасының көршілес маршрутизаторлармен ара – қатынасты жақсарту олардың бір – бірін көруінде болып табылады. Бұл процес Hello хаттамасы көмегімен іске асады да OSPF хаттамасы бар маршрутизаторлар hello-дестесін таратады (көп адресті тарату – 224.0.0.6

барлық интерфейстерге таратады), олар келесідей ақпараттан тұрады:

– Router ID – маршрутизатор идентификаторы – маршрутизатор үшін 32 битті тиімді номер. Ол белсенді интерфейстің ең үлкен IP-адресі алынады;

– Hello және Dead интервалы – амандасу және қалып қою интервалдары. Амандасу интервалы hello-дестесін жіберуді көрсетеді. Қалыпты жағдайда ол 10 секундка тең. Қалып қою интервалы бұл көршілес маршрутизатордың hello-дестесін күту уақыты. Ол уақыт амандасу уақытнан төрт есеге дейін көп болады. Бұл интервалдар көршілес маршрутизаторлармен бірдей болуы керек;

– Neighbors – көршілер, екі жақты қосылуды қамтамасыз етеді;

– Area ID – аймақ идентификаторы. Бір – бірімен байланыста болу үшін маршрутизаторалар бір сегментте болуы керек және де олардың интерфейстері OSPF аймағының бір аймағында болуы тиіс. Сонымен қатар, көршілес тораптар бірдей ішкі желіден (подсеть) және маскадан қолдану керек;

– Router priority – маршрутизатордың приоритеті – ол 8 битті номер, бөлінген маршрутты (designated router, DR) таңдау үшін қажет. Бұл маршрутизаторлар желіде кейбір кемшіліктерді жою үшін қажет;

– DR – желіде LSA тарату процесін басқарады. DR – ден желідегі барлық өзгерістер туралы барлық маршрутизаторларға ақпарат таратылады. BDR – істен шықса оның қызметін DR атқарады, ал DR істен шықса оның қызметін BDR атқарады. DR ролі (BDR) является свойством интерфейстің құрамы болып табылады;

– DR және BDR ip-адрестер – белгілі болса;

– Authentication password – аутентификация үшін пароль, егер аутентификация қосылулы болса. Барлық маршрутизаторлардағы пароль бірдей болуы керек;

– Stub area flag – соңғы аймақ жалауы. Соңғы аймақ – OSPF ерекше аймағы болып табылады. Екі маршрутизатор соңғы аймақта hello-дестесі арқылы өз жалауын тауып алуы керек.

Барлық аймақтарды hello-десте бір – біріне сәйкес келуі – Hello interval, Dead interval, Area ID, Authentication Password и Stub Area Flag жүйесінің құрылу принципі бағдарламалық құрылғыларды немесе аппараттарды жаңартуды толық тұрып қалу уақытынсыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өнімділікті жоғарлату, аппараттық қамтама модулін астыру, қолданыстағы бағдарламаны жаңалау немесе тіпті жаңасын орнату операциялары жүйе өңдеп тұрған трафикке минимал әсерде жүргізіледі.

Жаңа бағдарламалық қамтама орнату керек болса, істеп тұрған бір модулі тоқтатылып, жаңа түрін жүктейді. Бұл үрдісті жүйе бұрынғы бағдарламалық қамтама көшірмесімен жұмыс істеп тұрғанда іске асыруға болады. Жаңа бағдарлама жазылып, жұмысқа тексерілген соң, негізгі модульден резервтегі модульге көшу жүреді, жаңа бағдарлама трафикті өңдеуге жүктеледі.

4 Өмір тіршілік қауіпсіздігі

4.1 Теориялық бөлім

Бұл дипломдық жобаны ұйымдастыру кезінде компьютерлермен және техникалық құрылғылармен жұмыс жүргізілді. Сол себепті, жұмысшылардың компьютермен, мобильді біррангті желісінің құрылғыларымен жұмыс жасаған кездегі еңбектің қауіпсіздігі мен жұмысқа қабілеттілігін сақтауға арналған сұрақтарды және талшықты-оптикалық кабельдердің үзілуден және басқа да сыртқы факторлар әсерлерінен сақталуын қарастыру керек.

Сымсыз орталықтандырылмаған өзін-өзі ұйымдастыру желісі дәстүрлі "инфрақұрылым" сымсыз желілері қол жетімсіз немесе тиімсіз болған кезде, ақпаратты таратуды қолға алады. MANET қолдану аясы азаматтық (жалпы қолжетім жүйелердің ұйымы, таралатын компьютерлік желілер, табиғи ортаның геомониторингті жүйесі, кездейсоқ жағдайдағы мәлімет алмасуы т.б.) және әскери (ұрыс керістердің тактикалық бірігу ұйымы) болып келеді. Мобильді біррангті желісінің фундаменталдық ерекшелігі «инфрақұрылым» сымсыз желісі, сондай ақ ұялы желілерден ерекше желі түйіндерінің функциональдық баламалығы болады.

Тіршілік қауіпсіздігі деп адам өміріне төнетін қауіп-қатерлерді зерттейтін, оған қарсы қоюға болатын шараларды дайындайтын ғылыми білімнің саласы.

Қауіпсіздік – сыртқы және ішкі қауіп-қатерден сақтайтын тірі организмнің қажетті шарасы. Ал адам қауіпсіздігінің ерекшелігі, адамның басқа тірі жандардан айырмашылығы, табиғи ортадан өз тіршілік ортасын жасай алады. Сол себептен болуы ықтимал қатерлер табиғи қатерлердің қатарына енбеуі де мүмкін.

Техника қауіпсіздігіне сүйене нұсқауда көне азаматтар ғана жұмысқа жіберіледі. Жобаланатын орындарда мынадай нұсқаулар қаралады:

- кіріспе негіздеме қызметкерлерді техника қауіпсіздігімен, өндірістік санитарлықпен, ішкі еңбек тәртіп ережелерімен және басты заңдылықпен таныстыру үшін өткізіледі. Бұл негіздемені жұмысқа тіркеген адамдарға мамандығына, квалификациясына, біліміне, лауазымына қарамастан еңбек қорғау инженері екі сағат көлемінде жүргізеді;
- арнайы мамандық үшін еңбек қорғау нұсқауы жұмыс орнында атқарылады. Ол әр жұмыскермен жеке өткізіледі;
- ағымдағы нұсқау жоғары қауіпті өндіріс жұмысында өткізіледі және кіру рұқсат наряды тіркеледі;
- қайталама нұсқау барлық жұмысшылармен квалификациясына байланыссыз өткізіледі.

Осы нұсқау жарты жылда бір рет өткізіледі, топтық болуы мүмкін, техника қауіпсіздігі орындалмаған кезде жеке әңгіме ретінде өткізіледі. Жоспарсыз нұсқау, техника қауіпсіздігінің нұсқауы өзгерген мезетте орындалады.

Еңбек қорғау заңдылығын қадағалау Госнадзордың техникалық

инспекторы атқарады.

Пайдаланушылық рұқсат операторының басты міндеті ақпаратты қабылдау және енгізу, программа арқылы ЭЕҚ есептердің саналуын өзгерту мен бақылау, және де машинаның жұмысының тоқтатылуы мен бұзылуы жағдайында қазіргі заманға сай шара қабылдау болып табылады. Операторларға өндіріс ортасында қауіпті және зиянды әсер тигізетін факторларға электромагниттік өріс, шу, метеорологиялық жағдайлар, жеткіліксіз жарық көзі және психо-эмоционалды жағдай жатады.

Операторлардың жұмыс атқару және демалу уақыт режимдері 8 немесе 12 сағаттан, екі немесе үш алмасымда ұйымдастырылуы мүмкін. Тәулік бойы алмасу режимына тамақ ішу және демалу жұмыс уақыты кіреді.

Жұмыстың мінезі мен режимдері, түрлі ұзақ ой еңбегінің ұзақтығы және басқа да қолайсыз факторлар оператордың орталық жүйке жүйесіне едәуір әсер етеді. Жұмыс орнының дұрыс орналаспауы, адамды қолайсыз жағдайда жұмыс істеуіне мәжбүр қылады. Ұзақ ыңғайсыз жағдайлар бұлшық еттің күштенуін, адамның жалпы жалығуы мен жұмысқа қабілеттілігін төмендетеді.

Дисплейдің экранында ұзақ мезгіл жұмыс істеген операторларда, көру аппаратының зақымдануы, бастың ауруы, тітіркенгіштік, ұйқының нашарлауы, шаршау белгілері байқалады.

Айтылған ұсыныстарды қарастырып, операторлардың жұмыс шарттарын жақсарту мен олардың денсаулықтарын қадағалау мақсатында, операторларға мүмкіндігінше мынадай құрылғылар сатып алынады: барлық талаптарға сай жиһаздар, кепілдемелер мен талаптарға жауап бере алатын жаңа артылған терминалдар.

Эргономика ЭЕҚ қолданатын жұмыс орнын ұйымдастырудағы эргономикалық шешімдер, оператордың автоматтандырылған жұмыс орнында жалпы жағдайда:

- жеке қолданатын ақпаратты көру құралы (көру блоктары, сигнализация құрылғысы және тағы басқа);
- мәліметті басқару мен енгізу құралы (дисплей пульті, пернетақталы басқару және тағы басқа);
- ақпаратты тарату мен байланыс құрылғысы;
- ақпаратты сақтау және құжаттаулар құрылғысы (баспа құрылғысы, магнитті жазу және тағы басқа);
- ауыспалы құрал-жабдықтар.

Автоматтандырылған жұмыс орнындағы қолданатын техникалық құрылғылар мен адамның психо-физиологиялық мінездемесі ақпараттық және конструктивті үйлесімділігі болу керек.

Жұмыс орнына қабылданған кезде тек оператордың тәжірибелігін, маманның дайындық деңгейін, оператордың жеке-тұлғалық қасиеттері ғана емес, сонымен қатар түріне сай мінездемесін, адамның психофизиологиялық мүмкіндігін енгізу және көрсету амалдар факторларын ескеріледі.

Оңтайландырған рәсімде операторлардың техникалық құралдармен әрекеттестігі эргономикалық факторлар негізі болып табылады.

Бұл факторлар оператордың жеке-тұлғалық қасиеттерінің түрленуіне сезімтал болып келеді.

Үстелдің қолайсыз биіктігі жұмыс қабілеттілігін төмендетіп, тез шаршатуға әкеледі. Жұмысшының тізе мен табанын қоятын орнының аздығы тұрақты тітіркенуіне әкеледі. Үстелдің минималды жұмыс биіктігі 725 мм кішкентай болмау керек. Тәжірибе көрсеткендей, орташа бойлы жұмысшыға үстелдің жұмыс биіктігі 800 мм болуы керек. Ал бойының ұзындығы басқа қызметкерге орындықтың жұмыс биіктігін өзгертуге немесе оның ілме баспасының жайын, жұмысшының көзі мен өңделетін заттың арасы, биіктігі бойынша 450 мм болу керек.

Жұмыс аясындағы техникалық құрылғылар мен оператордың орындығы техникалық тексерулерді өткізу, алдын-ала тексеру және жөндеу үшін, негізгі функционалды түйіндерге және аппаратура блогын қолайлы қолдануды қамтамасыз ету керек. Жұмыс аймағына жылдам келіп отыру және тұрып кетуге мүмкіндік береді.

Дисплей үстелде немесе арнайы тіректе, экраннан мәліметті бақылау арақашықтығы 700 мм қашықтықта орналасуы қажет (450-500 мм тиімді арақашықтық). Дисплей экранының биіктігі бойынша, экранның орталығына нормаль арасындағы бұрыш және түзу горизонталь көзқарас бұрышы 200 болып орналасу керек. Горизонталь жазықтықта экранды бақылау бұрышы 600 аспау керек. Дисплей баспасы үстелде немесе арнайы тіректе орналасу кеерк. Пернетақта пультінің биіктігі еденге қатысты 650-720 мм болуы қажет. Пульт 750 мм стандартты үстелде орнықса, онда отырғышының биіктігі реттелетін орындық (450-380 мм) пен аяққа арналған тіреу болуы керек.

Беттің жарықтық құламасы үшін дисплей экраны, құжаттар және дисплейдің пернетақта пульті жарық көзіне бағынышты болғандықтан, 1:10 аспауы қажет (ұсынылатын мән 1:3). Экрандағы бейне жарығының номиналды 50-100 кд/м^2 мәнінде деректің жарықталғандығы 300-500 лк болуы қажет.

4.2 Мобильді біррангті желісі орнатылатын бөлмелердегі микроклимат жағдайы

Кәсіп орындарының микроклиматы – адамның организміне әсер туғызатын температураның, ылғалдылықтың және ауаның қозғалыс жылдамдығының сәйкестендіруімен анықталатын бөлмелердің ішкі орта метрологиялық жағдайлары болып табылады. Микроклиматты сипаттайтын көрсеткіштер температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауаның қазғалыс жылдамдығы және жылулық сәулеленудің интенсивтілігі жатады. Алайда микроклиматты қызметкерлердің жұмыс орнының деңгейінен екі метр биіктікке дейінгі кеңістікті білдіретін жұмыс аймағында бағаланады. Адамға ұзақ мезгіл жүйелі түрде әсер ету кезінде организмнің жылулық күйінің ауыспалы және тез арада қалпына келу өзгерісіне алып келетін микроклимат параметрлерінің күйі, физиологиялық мүмкіндіктердің шектерінен шықпайтын термобасқару механизмдерінің кернеуімен жалғаса алады.

Рұқсат етілетін климаттық күйлер шарттары, өндірістің технологиялық ниеттері, экономикалық себептер бойынша оптималды жағдайды қамтамасыз етеалмаған жағдайда болуы мүмкін.

Ауа температурасы адамның жағдайына және еңбек жемісіне едәуір ықпал етеді.

Ауаның ылғалдылығының жоғарылауы ылғалдың тері және өкпе бетінен булануын ауырлататын, бұл өз кезегінде организмнің терморегуляциясын бұзуға алып келеді.

Ауа қозғалысының жылдамдығы жұмыс аймағында микроклимат орнатуда едәуір рөл атқарады.

Микроклиматтың берілген параметрлері кәсіп орындарында түрлі шаралар қатарымен қамтамасыз етеді.

Бірақ, ең озат технологияны пайдаланғанның өзінде ауаға зиянды заттардың түсуін жою мүмкін емес. Мұндай жағдайларда желдетуді пайдаланады. Желдету табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді.

Табиғи желдету мезетінде ауа алмасу ауа температурасының айырмашылығымен іске асады. Механикалық желдету кезінде ауаның орын алмасуы ауа айдағыш жүйесі арқылы желдеткіштер көмегімен жүзеге асады.

Микроклимат жағдайын қадағалау жұмыс орнының температурасын, ауа ылғалдылығын, ауа қозғалысы жылдамдығын өлшеу көмегімен жүргізіледі.

Микроклиматқа қойылатын талаптар, Өндірісте ДК бар бөлмелерінде, жұмыс орнының салыстырмалы ауа ылғалдығы мен ауаның қозғалыс жылдамдығы микроклимат нормасына тиісті болу керек (4.1 кесте).

4.1 кесте – ДК бар бөлменің икемді микроклимат нормасы

Жыл мезгілі	Жұмыс категориясы	Ауа температурасы, °С	Салыстырмалы ауа ылғалдығы, %	Ауаның қозғалыс жылдамдығы, м/с
Салқын	Жеңіл – 1а Жеңіл – 16	22-24 21-23	40-60 40-60	0,1 0,1
Жылы	Жеңіл – 1а Жеңіл – 16	23-25 22-24	40-60 40-60	0,1 0,2

1а категориясына отырып жұмыс істейтін, 120 кДж/сағ энергия шығаратын, физикалық күшті қажет етпейтін жұмыс; 1б категориясына отырып жұмыс істейтін не жүріп жұмыс істейтін және аздап физикалық күшті қажет ететін, 120-дан 150 кДж/сағ энергия шығындайтын жұмыс.

Адамның қоршаған ортасы өндірістік орта, икемделген санитарлы-гигиеналық талаптарға сәйкес болу керек. ГОСТ 12.1.00 588 санитарлық нормалары бойынша үйреншікті жұмыс талаптарын орындау үшін, бір жұмысшыға өндірістің орын көлемі 4,5 $м^2$ аз болмауы керек. Осы орында минималды алаң 12 $м^2$ болып келеді. Кәсіптегі орналасу күйін жақсарту үшін мына жағдайлар да өз үлесін тигізеді: өндірістің ішкі көрінісінің түсі, жарықтандыру, ауа ортасының тазалығы және еден мен төбенің өңделуі және

т.б.

Кәсіп орындарының микроклиматы жұмысшыға үлкен әсерін тигізеді. Микроклиматтың жеке параметрлері ұсынылған ақпараттардан ауытқуы қызметшінің жұмысқа қабілеттілігін төмендетіп, дертке шалдығуына әкеледі. Шудың адам организіміне әсер ететін турлері бір жағынан, шу ақпаратты сапалы қабылдауға тікелей әсер етіп, еңбек тапсырмасын түйінделе орындалуына ықпалын тигізеді. Келесі жағынан, адамның жұмысқа ынтасын төмендетеді. Бұл интерфейстер негізінде біз MANET желісіне MACHM маршрут хаттамасына таратылған хабарламаларды көре аламыз.

Ұзақ шу адамның есту қабілетін нашарлатады не одан біржолата айырылуына әкеледі. Есту мүшесінің зақымдану дәрежесі дыбыс деңгейіне, оның ұзақтығына және адамның дара сезгіштігіне байланысты болады. Дегенмен, шу адам организімінің есту мүшесіне ғана әсерін тигізіп қана шектелмейді. Шудан түршігу арқылы есту жүйесінің талшығынан орталық вегетативті жүйке жүйесіне беріліп, олардан ішкі мүшелерге әсер етеді. Оның әсерінен организмнің функционалды күйіне маңызды өзгертулер әкеледі. Алаңдау мен тітіркенуді тудырып адамның психикасына әсер етеді. Өндірістік шудан сақтану үшін, құралдарды жобалаған мезетте жұмыс орындарын жабдықтағанда қарастырылады. Бөлмедегі шудан қорғану үшін барлық шаралар қолданылады.

Ұйымдық шараларға кәсіп орындарын, құрылғылар және жұмыс орнын орнықты орналастыру мен қызметкерлердің жұмыс режимін бақылау жатады.

Техникалық іс-шаралар:

- есік, дуал және терезелерді жобалаған кезде дыбыс өткізбейтін материалдарды қолдану;
- бөлменің ішкі қабырғасына дыбыс жұтқыш жабулар қолдану.

Қаптамалар мен экрандар ішкі жағынан дыбыс өткізбейтін қабаттан, ағаштан, пластмассадан және металдан жасалады.

Барлық вентиляция жүйелері жақындатылған әдістерге енеді. Вентиляция өнімділігіне әсер етіп, коэффициенттер арқылы әртүрлі факторларды игереді. Есептеу формуласында коэфициенттерді неғұрлым мол қолдансақ, солғұрлым көп факторларды еске нақты нәтижеге жетеміз.

Ғимарат ішіндегі ауаның вентиляция және желдеткіш жүйесінің бағасын шығынның мөлшерімен салыстыра, олар жаман ауа салдарынан болады. Ауаны желдетудің аманаты, қоршаған ортада адамдардың өзін жақсы сезінуін қамтамасыз ету болып табылады.

Жұмыс аясындағы микроклимат шарттарын қамтамасыз ету үшін, желдеткіш құрылғыларын қолданған дұрыс.

Ғимараттағы жұмысқа қолайлы шарттарды жасау үшін, қанша желдеткіш керектігін санайық. Есептеулерді ыстық жыл мезгілі бойынша жүргізейік. Жұмыс орындарындағы кәсіп құрылғыларынан жылудың бөлінуі едәуір орын алады, олардан қашықтауды желдеткіштер қамтамасыздандыру қажет.

Едәуір жылу бөлінетін ғимараттардағы кіру ауасының көлемі $м^3$/сағ,

жылуды жұту формуласы:

$$L = \frac{\sum Q_a \cdot \gamma}{C \cdot \left(t_{аш} - \mathrm{t_{кір}}\right)} \text{ (м}^3\text{/сағ)}, \qquad (4.1)$$

мұндағы Qa – айқын жылылықтың бөлінуі, Дж/сағ;
C – ауаның жылулық сыйымдылығы, Дж/(кг град);
$t_{аш}$ – қашықтайтын бөлме ауасының температурасы, 27^0C;
$t_{кір}$ – кіретін ауаның температурасы, 20^0C;
γ – кіретін ауаның тығыздығы, 1,2 кг/м^3.

Айқын жылылықтың бөлінуінің формуласы:

$$\mathrm{Q_a} = Q_1 + Q_2 + Q_3 + Q_4, \qquad (4.2)$$

мұндағы Q_1 – аппаратурадан жылу бөліну;
Q_2 – жарықтану көзінен жылу бөліну;
Q_3 – адамдардан жылу бөліну;
Q_4 – терезеден күн радиациясының түсуі.

Аппаратурадан жылу бөліну формуласы:

$$Q_1 = \eta_1 + \eta_2 + \eta_3 + \eta_4 + N_{ном}, \qquad (4.3)$$

мұндағы η_1 – қондыратын қуаттың қолдану коэфициенті, ол 0,7-0,9 тең;
η_2 – жүктеме коэффициенті, ол 0,5 – 0,8 тең;
η_3 – аппаратураның бір уақытта жұмыс істеу коэффициенті, ол 0,5-1 тең;
η_4 – жылы энергияға өткен кездегі бөлме ішіндегі ауа жылуының ассимилялық коэфиценті, ол 0,65 – 1,0 тең;
$N_{ном}$ – барлық аппаратураның номиналды қуаты.

Q_1 =0,8*0,6*0,6*0,75*3500=756 (кДж/сағ).

Жалған жарықтандыру көздерінен бөлінген жылуды есептеу, практикалық жүзінде қолданылған барлық энергия, қорытындысында жылуға айналады:

$$Q_2 = \varphi * N_{жар} = 0{,}8 * 4 * 40 = 128 \text{ (Дж/сағ)}, \qquad (4.4)$$

мұндағы φ - жылуға айналатын энергияның мөлшерін қарастыратын коэффиценті, φ= 0,8;
Nжар – бөлмедегі жарықтану құрылғысының қуаты (әр қайсысы 40 Вт, 4 шам).

Адамдардан жылу бөліну мына формуламен есептеледі:

$$Q_3 = n * q_n,$$

мұндағы n –жұмысшы саны;

q_n – бір адамның жылу шығаруы, 80-116 Вт.

$$Q_3 = n * q_n = 4 * 120 = 480 \text{ (Дж/сағ).} \quad (4.5)$$

Әйнектен күн радиациясының түсуі арқылы болатын жылу мөлшерін есептеу:

$$Q_4 = F_{ост} * q * m * k, \quad (4.6)$$

мұндағы Fост – терезе ауданы, $м^2$;

m – терезе саны;

k – металлды түптеу үшін түзеткіш көптік, k = 1,25;

q – 1 $м^2$ терезе арқылы жылу бөліну, q = 224 $Вт/м^2$.

$$Q4 = 4,75 * 224 * 4 * 1,25 = 5320 \text{ (Дж/сағ).}$$

Анық бөлінетін жылуды (4.2) формула бойынша анықтаймыз:

$$Qя = 756 + 128 + 480 + 5320 = 6684 \text{ (Дж/сағ).}$$

Бөлме ішіндегі артық жылулықты жұту үшін, керек ауаның мөлшері:

$$L = \frac{6684}{1*1.2*(27-20)} = 795 \text{ } (м^3/сағ).$$

Алынған ақпаратттар бойынша, ылғалдылықты, тазалықты, ауаның қозғалу жылдамдығын және температураны автоматты түрде ұстап тұратын, желдеткішті таңдауымыз керек. Менің күйімде мен дуалдық GREE KF-50GW/A10 Fung Yun желдеткішін таңдаймын. Желдеткіш туралы толық ақпарат төменгі жақта айтылады:

- дуалдық GREE KF-50GW/A10 Fung Yun желдеткіш;
- GREE жоғарғы технологиялық өңдеулердің бірден-бір нұсқасы, FUNG YUN желдеткішінің сериясы, алаңы 60 $м^2$ дейінгі бөлмелерге арналады. Бұл желдеткіштер жоғары салқындату мен жылыту нәтижелерімен ерекшеленеді, таңдалған ауа температурасының мәндерін жылдам орындайды (4.2 кесте).

Бұл нұсқаның технологиялық жетістігі ауадағы аммиак, формальдегид сияқты зиянды қосылыстардан тазалайды. Активті көмірлі сүзгі өте майда

шаң бөлшектерін және жағымсыз истерді жояды:

- ауаның тазаруының үш сатылы жүйесі;
- ішкі блоктың жылуды беру нәтижесі;
- ішкі блоктың жинақтамасының оңай алынуы.

4.2 кесте – Желдеткіштің техникалық мінездемесі

Параметрлер атауы	Мәндері
Суыту қуаты	5.0, кВт
Қорек көзі	220-50-1, В-Гц-Фаз
Қолдану қуаты суық / жылы	1960, Вт
Жұмыс токы суық / жылы	9.0, А
Ылғалдылықты жою	2.0, л/сағ
Ауаның айналуы	720, куб.м/сағ
Ішкі шу деңгейі. max(min) / сыртқы	38 / 58, дБ
Ішкі блок габариттері (ШхВхГ)	907х290х195, мм
Сыртқы блок габариттері (ШхВхГ)	950х340х700, мм
НЕТТО салмағы ішкі / сыртқы блок	12 / 59, кг
Бөлме ауданы (төбенің биіктігі 3м дейін)	50 кв.м дейін
Бағасы, теңге	156 160



4.3 сурет – MANET желісі орнатылатын бөлмелердегі желдеткіштің орналасуы

5 Бизнес- жоспар

5.1 Түйін

Кәсіпорындарда өзара жоспар құру үшін экономикалық жағдай жаңа ойлар ұсынып отыр. Жаңа экономикалық жағдай жоспарлаудың биік деңгейде ыңғайлы пайдалана алатын түрлерін іздестіру қажет. Бұл мәселелерді қарастырудың оңай жолы бизнес-жоспар болып келеді.

Бизнес-жоспардың негізіне фирмаларға келешекке міндеттелген мақсаттар және есептеулер, нарықты қарастыру, экономика жағдайын бағалау, өндірістің тиімді және жарамсыз жақтарын талдау туралы деректер тән.

Дипломдық жобаның басты мақсаты сымсыз орталықтандырылған өзін-өзі ұйымдастыру желісін зерттеу.

5.2 Бизнес-жоспардың мақсаты

Бизнес-жоспардың мақсаты, мобилді біррангті желелерді зерттеудіңтиімді жолдарын қарастыру. Телекоммуникация жүйесінің өркендеуі байланыс желісі құрылымының өзгерістеріне қатысты.бұл жоспар сымсыз орталықтандырылмаған өзін-өзі ұйымдастыружелісі шешімінің негізгі байланыс жүйесінің қолданылуынан, проектіңорындалу барысында пайда көруді, техникалық жабдықтарды орналастырғандағышығынды үнемдеуге әкеледі.

Өнеркәсіптегі жоспарға алыс не жақын келешектегі дәлелдер және мақсаттар, экономика көрсеткішінің, кәсіпорынның мықты және әлсіз жақтарының қарастырылуы, нарықты бағалау мен қажеттіліктер туралымәліметтер және оған ыңғайлы мақсаттарға қол жеткіздің ресурстарын бағалауы және тиімділігі кіреді. Бизнес-жоспар берілген жобаның қажеттілігін көрсетіп, жаңа әріптестерді шақырады.

Мобилді біррангті желіні қондыру негізіндегі келесі талаптар:

- басқа жүктемелерді жіберу кезінде MAHN графигін салу және жаңа қызмет түрлерін көрсету;
- TDM технологиясы кезінде қолданылғын санды инфрақұрылымның өзгермеуі;
- ақпаратты дестелеп тарату технлогиясынқондыру кезінде телефон байланысы көрсеткішінің төмендеуін болдырмау;
- мобильді VOIP және TDM желілерінде бір мезгілде жұмыс атқару үшін әртүрлі қызметтерді беру;
- MANET өзін-өзі ұйымдастыру желісі салтты архитектураның үстінде сымсыз желілердің артықшылығы;
- тарату қуаты қашық жерлерге ақпараттарды тарату ықтималы;
- желі құрылымында өзгері бейімділігі;
- ыңғайсыз бөгелу жағдайының шарттарындағы жылдам реконфигурация ықтималдығы;
- қарапайым және қуаттың жоғарылық жылдамдығы.

5.3 Желі өнімдері

Ұялы құралдар база негізінде тұрғызатын сымсыз желілердің ерекшеліктері:

- түйнектерді қозғалғыш желесінің технологиясы динамикалық қосалқыкөтерілуіне негізделді, себебі бөгеуіл артында байланыс ықтималдығына немесе түйінді өшіріп, қосу және оның алмасуының мүмкіншілігі қосылады;
- ұялы түйін қамтамасыздандыру аясының артықшылығы шектеу келеді, энергия және хаттама жұтылуы ескерілуде.

5.4 Нарықтық өтімді талдау, нарық қызметтерін зерттеу

Бұл таңда нарықтандыруда сенсор желісін игері үшін сымсыз орталықтандырылмаған өзін-өзі ұйымдастырылатын ұялы радиобайланыс тұрғызуға техника есептеулері ізденісте. Есептеулерге қол жеткізу үшін шапшаң елеулі дамудағы мобильді біррангті (MANET) – қозғалмалы орталықсыздандырылған үлкен долақты өздігінен ұйымдастырылатын жергілікті радиожелі. Бұл технология бірлік нысанды есебінің орындалуы үшін өзін-өзі ұйымдастыру желіні бірлестіруге, ілінісуге және өзіндік орнын сипаттау үшін қолданады.

Электр байланысының өнімдерін телефон байланысы сансыз қалаларға көрсетеді және ауқымды таралу желісі деп саналады. Бұл таңда қалалардың телефондық желісі толықтай сипатталған. Қазақстанның нарықты қатынауларға өту сапасы байланыс қажетіне жоғарыда тұрған аз және олқы бизнесінде кәсіпорындардың жоғары саны пайда болды. Ұсынысты туғызатын сұраныс болғандықтан қазіргі таңда мемлекет желісімен өркендеген байланыс өнімдерін көрсететін фирмалар іске асты. Мұндай фирмалар аясында мобильді байланыс өнімдерін, интернет өнімдерін және өнімдерді көрсететін өнеркәсіптердісанау мүмкін болып келеді. Фирмалар арасында мықты бақталастық, өзінің өнімдерімен жаңа аймақтарды қамтамасыздандыруға абоненттерге өнімдердің жаңа үлгілерін жариялауға және олардың бағасын төмендетуге әкеледі. Мерзім факторларын, жұмыс инвестицияның экономика пайдасын бағалаған мезетте ескере кеткен жөн. Инвестиция жобасының сараптамасы және негізделі мезетінде жүретін есептеулердің ең бастысы шығын салыстыра білу. Бұны қазіргі замандағы және келешекте келіп түсетін қаражат пайдасын салыстырғанда іске асады.

5.5 Ықтимал тұтынушылар және сатып алушылар

Алғашқыда жаңа желінің тұтынушылары жалпы қолданыстағы желімен салыстырғанда, тарифтері қымбат болып келетін, сандық байланыстың қазіргі түрлерінің жоғары сапасына зәру болған жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Бұдан басқа, желіні жетілдіру кезінде көрсетілетін қызметтері көбейіп, тарифтері төмендеп, бұл желі халықтың көптеген қабаттарына қол жетімді болып келеді.

Жобаланатын желінің көрсетілген қызметтерінің ықтимал сатып алушылары болып, кәсіпорын мен ұйымдардың мынадай санаттары жатады:

- қалалық телефондар желісі;
- қалааралық және халықаралық байланыс өнеркәсіптері;
- жаңадан пайда болған, дәстүрлі емес байланыс қызметтерін көрсететін операторлар желілері;
- өндірістік кәсіпорындар, бірлестіктер, ірі және орта сауда және қаражат ұйымдары;
- өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындары мен шетел фирмалардың кеңселері.

Қазіргі таңда бар желілердің көшбасшысы болып, негізінде Қазақстан

Республикасының «Қазақтелеком» АҚ болып келеді. Бірақ осы желілердің біраз бөлігі қазіргі талаптарға сай келмейді және компания ел аумағында желіні жаңартуына үлкен күш салуда. Байланыс желілерінің үлкен аймақты қамтып отырғанын ескергенде, «Қазақтелеком» АҚ барлық байланыс желілерінің күйін тиісті деңгейде бақылай алмайды. Бұл жағдай бәсекелестік деңгейін төмендетеді және жеке операторлардың, сонымен бірге елдің әртүрлі аймақтарындағы кәсіпорынның дамуына алып келеді.

5.5.1 Даму жоспары. Қызметтерді көрсету мүмкіндігіне ие, жобаланатын желі қысқа мерзімде ұйымдастырылуы әбден мүмкін. Құрылғының мүмкіндіктерін ескере, құрылғыны орнатқаннан және оны жөндегеннен кейін, желінің үлкен емес жекеленген бөліктерін, бөлшектеп қолдана беруге болады. Желіні орнату жылдамдығы техникалық заттарды алып келуден, шоғырсымды орнату жылдамдығына тәуелді болып келеді. Абоненттерді ауыстыру және ауыстырып қосу, бөлшектеп болғандықтан ұзақ уақытқа өшірумен сипатталмайды. Құрылғылардың ерекше өзгешеліктерінің арқасында, желіні қолдану жеке желі аумақтарын ұйымдастырғаннан кейін де болады. Бұл технологияның өтелу мерзімін төмендету керек.

5.5.2 Қаражат салымдарын есептеу. Жобаланатын желіде, ең көп қаражатты талап ететін құрылғы арнаны құрайтын аспап болып келеді. Құрылғыны сатып алуға жұмсалатын қаражат шығындары SoftX3000 бағдарламалық коммутаторының, UMG-8900 медиашлюздердің, сондай-ақ TDM E1 платалары мен лицензиялардың құндары арқылы анықталады.

Жобаны іске асыру үшін қажет құрылғылар тізімі мен олардың құны 5.1 кестеде көрсетілген.

5.1 кесте – Қаражат салымдарын есептеу

Атауы	Саны, дана	Бір дана үшін бағасы, мың теңге	Жиынтығы, мың теңге
SoftSwitch SoftX3000 бағдарламалық коммутаторлары	2	72 500	145 000
UMG-8900 медиашлюздер	4	18 427	73 708
Абоненттер үшін лицензия	300 000	4,55	1 365 000
TDM E1 32-порттық плата	256	560	143 360
Оптикалық кабель, км	18	500 км	9000
Барлығы, мың теңге	1 736 068		

Қаражат салымдарын есептеген мезеттте көлік қызметтері мен жөндеу жұмыстары, қондырғы бағасын есептеу кіреді.

Есептеу жалпы мына формуламен анықталады:

$$К_{сал}=К_{қ}+К_{ж}+К_{жет}+К_{жоб} \text{ (теңге)}, \qquad (5.1)$$

мұндағы $К_{қ}$ - құрылғыға жұмсалатын қаражат шығындары;

$К_{ж}$ – құрылғыны жөндеуге жұмсалатын қаражат шығындары;

$К_{жет}$ – құрылғыны жеткізуге жұмсалатын қаражат шығындары;

Кжоб – құрылғыны жобалауға жұмсалатын қаражат шығындары.

Құрылғыны сатып алуған кезде кететін шығындар:

$$К_к=К_{SoftX3000}+К_{UMG8900} \text{ (теңге)}, \quad (5.2)$$

SoftX3000 құрылғысының бағасына, басқару жүйесінің бағасы да кіреді.

$$К_к= 145\ 000+73\ 708= 218\ 708 \text{ (теңге)}.$$

Құрылғыны түзетуге жұмсалатын шығындар құрылғыға жұмсалатын шығындардың 5% құрайды:

$$К_ж=0,05\cdot К_к \text{ (теңге)}, \quad (5.3)$$

$$К_ж=0,05\cdot 218\ 708 =10\ 935 \text{ (теңге)}.$$

Құрылғыны жеткізуге пайдаланылатын шығындар құрылғы бағасының 2% құрайды:

$$К_{жет}= 0,02\cdot К_к \text{ (теңге)}, \quad (5.4)$$

$$К_{жет} = 0,02\cdot 218\ 708= 4\ 374 \text{ (теңге)}.$$

Құрылғыны жобалауға тұтынылатын шығындар құрылғы бағасының 3% құрайды:

$$К_{жоб}=0,03\cdot К_к \text{ (теңге)}, \quad (5.5)$$

$$К_{жоб}=0,03\cdot 218\ 708= 6\ 561 \text{ (теңге)}.$$

Құрылғыны буып-түю, құрылғы бағасының 0,5% құрайды:

$$К' = 218\ 708\cdot 0,005 = 1\ 094 \text{ (теңге)}.$$

Жалпы қаражат салымдары өрнегі:

$$К_{сал}= 1\ 736\ 068+218\ 708+10\ 935 +4\ 374 + 6\ 561+1\ 094 = 1977740 \text{ (теңге)}.$$

5.6 Пайдалану шығындарының есептеулері

Пайдалану шығындары байланыс жүйесінде төмендегі формуламен анықталады:

$$Э_ш = Э_н + М + А + ЕТҚ + С_Н + Н + Y, \quad (5.6)$$

мұндағы $Э_н$ – электр қуатына кеткен шығындар;
М – материалдық шығындар және қосалқы бөлшектер;
А – өтемпұл аударымдары;
ЕТҚ – еңбекті төлеу қоры;
$С_н$ – әлеуметтік салық;
Н – несиелерді төлеу;
Y–үстеме шығындар.

Өндірістік электр қуатын төлеу шығындары төмендегі формуламен есептеледі:

$$Э_н = W \cdot P \cdot N \cdot 22 \text{ (теңге)}, \quad (5.7)$$

мұндағы 22– 1 кВт-сағаттың бағасы;
W – өндірістік электр қуатының шығындары;
P – толық жабдықталған бір тағанның тұтынатын қуаты;
N – желіде қолданылатын қондырғылар саны.

24 сағат және 365 күн мәндері, тәуліктік пен жылдық электр қуат шығыны ескеріледі:

$$Э_н = 22 \times 24 \times 365 \times 12 \times 7 = 16\ 188\ 480 \text{ (теңге)}.$$

Қосалқы бөлшектер және ағымдағы жөндеу шығындары қаражат салымдарының 0,5% құрайды:

$$М = 0{,}005 \cdot К_{сал}, \quad (5.8)$$

$$М = 0{,}005 \cdot 1\ 977\ 740 = 9\ 889 \text{ (теңге)}.$$

Өтемпұл аударымдары қаражат шығындары және MANET құрылғысының өтемпұл аударымдарының нормалары негізінде анықталып, MANET а = 8% тең болады:

$$А = a_{NGN} \cdot Ксал \text{ (теңге)}, \quad (5.9)$$

$$А = 0{,}08 * 1\ 977\ 740 = 158\ 219 \text{ (теңге)}.$$

5.7 Еңбекті төлеу қорын есептеу

Еңбек ақы қоры барлық қызметкерлердің еңбек ақысы мен сыйақы

қорының қосындысы болып табылады.

Еңбекті төлеу қоры (ЕТҚ) төмендегі формуламен анықталады:

$$ЕТҚ = Знег + Зқос, \quad (5.10)$$

мұндағы Знег – негізгі еңбек ақы;

Зқос – қосымша еңбек ақы.

Негізгі еңбек ақы барлық жұмысшылардың еңбек төлемінің қосындысы ретінде анықталады:

$$З_{нег} = 12 \cdot \sum_{i=1}^{n} З_i \cdot T_i \quad \text{(теңге)}, \quad (5.11)$$

мұндағы $З_i$ – і-ші қызметкердің күніне алатын еңбек ақысы, (теңге);

T_i – і-ші қызметкердің уақыт шығындары, күндері.

5.2 кесте – Қызметкерлер саны және олардың жалақысы

Орындаушы	Адамдар саны	Жалақысы, теңге
Жетекші инженер	1	70 000
Техник-инженер	1	60 000
Оператор	1	50 000
Жинастырушы	1	40 000
Барлығы	4	220 000

$$Ж = 12 \cdot 220\,000 = 2\,640\,000 \text{ (теңге)}.$$

Төлем ақы қорына бөлінулер еңбек ақының 30% құрайды:

$$З_к = 0{,}3 \cdot 2\,640\,000 = 792\,000 \text{ (теңге)}.$$

ЕАҚ мынаған тең болады:

$$ЕАҚ = 2\,640\,000 + 792000 = 3\,432\,000 \text{ (теңге)}$$

Әлеуметтік алым еңбек ақы қорының 11% мөлшерін құрайды:

$$С_н = 0{,}11 \cdot ЕАҚ \text{ (теңге)}, \quad (5.12)$$

$$С_н = 3\,432\,000 \cdot 0{,}11 = 377\,520 \text{ (теңге)}.$$

Үстеме шығындар формуласы:

$$Y = (0.3 \div 1.5) \cdot ЕАҚ \text{ (теңге)}, \quad (5.13)$$

$$Y = 0.7 \cdot ЕАҚ = 0.7 \cdot 3\,432\,000 = 2\,402\,400 \text{ (теңге).}$$

Жалпы қанаулық шығындар 5.3 кестеде келтірілген (5.1 сурет):

5.3 кесте – Жалпы эксплуатациялық шығын

Көрсеткіш	Теңге
ЕАҚ	3 432 000
Әлеуметтік салық Сн	377 520
Өтемпұл аударымдары Ао	158 219
Электр қуат шығындары Э	16 188 480
Көрсеткіш	Теңге
Материалдық щығындар М	9 889
Үстеме шығындар Н	2 402 400
Барлығы	22 568 508

5.1 сурет – Жылдық пайдалану шығындарының диаграммасы

5.8 Табысты есептеу

Жеке табыс формуласы мына өрнекпен анықталады:

$$D_ж = D_Т + D_{ҚҚТ} \text{ (теңге),} \qquad (5.14)$$

мұндағы $D_Т$ – тариф табысы;

$D_{ҚҚТ}$ – қызметтің қосымша түрлерінен түсетін табыс.

АТС-тың тарифтік табысы абоненттік төлем және әр абоненттік топтағы

нөмірлер санының негізінде анықталады:

$$D_T=\Sigma\ (t_i+N_i)\ (\text{теңге}), \qquad (5.15)$$

мұндағы t_i - i-санатындағы бір номір үшін абоненттік төлеу;
N_i – әр абоненттік топтағы нөмірлер саны.

Жобаланған телефон станцияларындағы келесі абоненттер санаттары:
- ауыл шаруашылықтың секторы;
- $N_{а/ш}$= 7424 нөмері;
- пәтер секторы;
- $N_{пәт}$=31046 нөмері;
- бір нөмер үшін абоненттік төлеу:
- ұйым үшін – 5,6 USD;
- халық үшін -2,6 USD;
- 1 USD = 186 теңге.

D_T = 12·(5,6· 7 424+2,6· 31 046)=1 467 528 USD = 272 960 208 (теңге).

АТС өз абоненттеріне тағы да басқа қосымша қызметтерді игереді, демек АТС-тың қосымша қызметтер табысы болады. Бұл тариф табысының 14%-ын құрайды:

$D_{ққт}$ = 0,14·1 467 528 =205 453,92 USD = 38 214 429,12 (теңге).

Жеке табыс өрнегі:

$D_ж$ = 1 467 528 +205 453,92 =1 672 981,92 USD = 311 174 637,1 (теңге).

Жобаланып отырған бекеттеріміздің сыйымдылығы қазіргі бекеттердің сыйымдылығынан көбірек болғандықтан, бір телефон жабдығын орнату халық үшін 100 USD құрайды, ұйымдар үшін 250 USD. Сандық желіні пайдалануға енгізгеннен кейінгі табыс:

$D_{е.к.}$ =100·11582+250·2394=1 756 700 USD = 326 746 200 (теңге).

5.9 Өтімділік мерзімін есептеу

Өтелу уақытын есептеу үшін абсолюттік экономикалық тиімділіктің мәнін білу керек.

Абсолюттік экономикалық тиімділік табыс пен қаражат салымдарының арасындағы қатынасымен анықталады:

$$E=\frac{П}{К}, \quad (5.17)$$

мұндағы П – пайда;
К – қаражат салымдары.

Пайда төмендегі формуламен анықталады:

$$П = Д_ж - Э \text{ (теңге)}, \quad (5.18)$$

$$П = 311\ 174\ 637{,}1 – 22\ 568\ 508 = 288\ 606\ 129{,}1 \text{ (теңге)}.$$

Таза пайда төмендегі формуламен анықталады:

$$П' = П \cdot 0{,}2 \text{ (теңге)}, \quad (5.19)$$

$$П' = 288\ 606\ 129{,}1 \cdot 0{,}2 = 57\ 721\ 225{,}82 \text{ (теңге)}.$$

$$E=\frac{П'}{\Sigma К} \cdot 100\%, \quad (5.20)$$

$$E=\frac{57\ 721\ 225{,}82}{7\ 977\ 740} \cdot 100\% = 72{,}35\ \%,$$

$$E = 72\ \%.$$

Есептік өтелу мерзімі тиімділікке кері шама арқылы анықталады:

$$T = \cdot 100\%, \quad (5.21)$$

$$T = \frac{1}{72} \cdot 100\% = 1{,}4 \text{ жыл}.$$

Мобильді біррангті желісінің жобасын енгізудін өтелу қабілеттілігі телекоммуникация саласына қолайлы болып келеді. Келесі ұрпақ желісінің, жобаны енгізуінің бизнес-жоспарыдың экономикалық көрсеткіштері 5.4 кестеде көрсетілген. Желіні енгізудің экономикалық тиімділігінің диаграммасы 5.2 суретте айқын көрсетілген. MAHN – тің негізгі бағытын «Кез келген жерде және кез келген уақытта, кез келген қызметке қол жеткізу» деп қысқаша атап кетуге болады. MANET желісі тұтынушылардың қазіргі таңда не болашақта қызмет санының жоғары шамасына қол жеткізуін игереді.

5.4 кесте – MANET желісін енгізудің экономикалық тиімділігі

Көрсеткіштер аты	Мәндері
Қаражат шығындары, мың теңге	1 977 740

Пайдалану шығындары, мың теңге	22 568 508
Әлеуметтік салық, мың теңге	377 520
Өтемпұл аударымдары Ао, мың теңге	158 219
Материалдар және бөлшектер, мың теңге	9889
Электр қуатының шығындары, мың теңге	16 188 480
Үстеме шығындар, мың теңге	2 402 400
Таза табыс, мың теңге	57 721 225,82
Абсолютті экономикалық тиімділіктің коэффициенті,%	72
Жобаның өтелу мерзімі, жыл	1 жыл 4 ай

5.2 сурет – Желіні енгізудегі экономикалық тиімділігінің диаграммасы

Экономика бөлімін қорытындылай келсем, дипломдық жобаның басты мақсаты мобильді біррангті желіні (MAHN) ұйымдастыру болып келеді. Осыған орай мен бизнес-жоспарға, өнекәсіптерге келешекке қойылған мақсаттар мен есептерін есептедім, экономикалық жағдайының, өндірістің мықты және нашар жақтарының бағалауын, нарықты талдау мен қажеттіліктер туралы ақпараттар жайында талдау жасадым. Жобаға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ресурстарын бағалау мен бәсекелестік шарттарын қарастырдым.

Қорытынды

Дипломдық жобаны зерттеу кезінде, мен сымсыз орталықтандырылмаған өзін-өзі ұйымдастыру желісінің қамту аясының қашықтығын, маршрут жолдарының талдалуын және иерархиялық маршрутын есептедім. Мобильді біррангті желісі – маңызды станцияларда әбден орталықсыздандырылған кездейсоқ жылжымалы абоненттермен радио желілерді басқарады. Өлкедегі ортадан, нақты параметрлерден интеграцияланған функциялармен шамалы габаритті сенсор түйіндерден, радиоканалдар бойынша тұратын WSN (Wireless Sensor Networks)-сымсыз сенсорді желіге қосу қажет.

MAHN маршруттау хаттамаларының таңдалуы қорытындылай келе күрделі есептен және талаптарға тәуелді. Желі абоненттерінің саны, олардың мобилділіктері, берілген мультимедиалық салалардың қажеттіліктері, сапалар көрсеткіштердің QoS қосымшалар қарастырылды. Реактивті маршруттаумен AODV, DSR, TORA хаттамалар, шамалы ғана салыстырмалы жылдамдықпен, түйіндерден желілерде тиімді. Хабарлардың дестелерін жеткізудің минималды аялдауын проактивті хаттамалары (OLSR, TBRPF, FLAME тағы басқалар) қамтамасыз етеді.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде сымсыз орталықтандырылмаған өзін-өзі ұйымдастыру желісіне қызмет көрсететін жұмыскерлер үшін қолайлы жұмыс шарттарын игеру шараларын талқыладым. MAHN желісі қондырылатын бөлмелердегі микроклимат күйін қарастырдым.

Экономика бөлімінде технологияны ендірудегі жылдық қолдану шығынын және желіні ұйымдастыру көзінен түсетін пайда көлемін есептедім. Жобаның өндірілу уақыты бір жарым жылға созылуы мүмкін. Абсолютті экономикалық үнемділік көрсеткіші 72% құрайды.

Қорытындылай келе, қазіргі күйге зерттеу өткізілген, таңдалған тақырып өзектілігі расталды және жобалау жобаның келешекте дамуын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Мин, С. (2004). OPNET Network Simulation. Beijing: Tsinghua University Press.

2 URL:http: //www.computing unplugged.com (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

3 Хумаюн, Б. (2005). The history of mobile ad-hoc networks. Computing unplugged.

4 URL:http://www.computingunplugged.com (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

5 Хайтао, В. және Шаорен, З. (2002). Peer-to-peer system based on Ad hoc network. Communication Express, - 10 б.

6 URL:http://www.ieee802.org/11/ Jan.2005 (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

7 Корсон С. және Маккер Дж.(1999) “Mobile Ad hoc Networking (MANET):Routing Protocol Performance Issues and Evaluation Considerations”.

8 Хиауан Х.,Кайксин Ху және Марио Дж. (2002). “Scalable Routing Protocol for Mobile Ad hoc Networks”.

9 Джао Л.С. және Кришнакумар А.С. (1999) “Quality-of-Service in Ad-hoc

Carrier Sense Multiple Access Wireless Networks”, IEEE Journal On Selected

Areas In Communications.

10 Корсон С. және Маккер Дж (2001) “Mobile Ad Hoc Networking and IETF”, ACM компьютерлер мен ұялы байланысты шолу 2.

11 Лидон З. және Зигмунт Дж. (1999) “Securing Ad Hoc Networks”, 24-30 б.

12 Фон Лин, Вей-Ру, Чайхиен Дж. (2004) “Modeling Opportunity Driven Multiple Access in UMTS”.

13 Элизабет М.Р.және ЧайкеонгмТ. (1999) “A Review of Current Routing Protocols for Ad Hoc Mobile Wireless Networks”, IEEE жеке байланыс.

14 Перкинс С, Белдинг-Ройер Е. және Дас С.. (2003) “Ad Hoc On-Demand Distance Vector (AODV) Routing”.

15 Кришна Г. G. (2006) “Routing Protocols in Mobile Ad-hoc Networks”, Umea университетінде информатикадан магистерлік диссертация.

16 Энн А және Джие В. (2000-2001) “Performance Comparison of Ad-hoc Routing Protocols for Networks with Node Energy Constraints”.

17 Субир К. және Дас С. (2002) “Weight Based Multicast Routing Protocol for Ad hoc Wireless Networks”. Ғаламдық телекоммуникация және байланыс конференциясы. 17-21 б.

18 URL:http://w3.antd.nist.gov/wahn_mahn.shtml (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

19 Венбо В., Джинвен З. (2003). OPNET Modeler and Network Simulation.

20 URL:http://blog.baisi.net (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

21 Чун И., Мейдин С. (1999) “Ad Hoc Network Architecture” Байланыстар журналы, №9

22 Хуберт З. (1980) IEEE Transactions on Communications, № 4, - 425 б.

23 Лейнер Б.М., Рутцер Р.Дж., Сэстри А.Р. (1996) “Goals and challenges of

the DARPA GloMo program”. 34-43 б.

24 URL:http://www.argreenhouse.com (10.01.2010 бойынша қолжетімді)

25 URL:http:// searchnetworking.techtarget.com (10.01.2010 бойынша қолжетімді)